ЖШС«Радость-2020» БАЛАБАҚШАСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 31.08 .2023ж
Түрі: дәстүрлі
Тақырыбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы.
Мақсаты: Балабақшада оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру.
Қатысқандар саны– 5

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған іс –әрекетінің кестесін бекіту
2. Оқыту-тәрбиелеу прпоцесінде қолданылатын бағдарлама, педагогикалық технологиялар.
3. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төраға), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер,
кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2023-2024оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Г.Шарипова сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер

Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші Г. Шарипованы сайлауды ұйғарды.

ШЕШІМ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамына: балабақшаның меңгерушісі (төраға), әдіскер, қазақ тілі мұғалімі, дайындық тобы мұғалімі, тәрбиешілер бекітілсін.
2. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып Г. Шарипова сайлансын.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат,міндетімен таныстырып өтті.

3. ТЫҢДАЛДЫ:
Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі жылдық
жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті.

Тәрбиешілер келелі мәселесі және өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:
Әдіскер жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және
іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

2. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:
Дайындық тобы мұғалімі З. Махпирова 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жұмысын жетілдіруге және балабақшаның жаңа оқу жылына алған мақсат, міндеттерін шешуге бағытталған.

3. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:
Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2023-2024оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

ШЕШІМ:
1. 2023-2024 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.
3. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қыркүйек, желтоқсан және мамыр айында жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын. Жауапты әдіскер және топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі қыркүйек, қантар 2024ж, мамыр 2024ж.

3 ТЫҢДАЛДЫ: .
Әдіскер У. Масимова әдістемелік нұсқаулықпен таныстырып өтті. Әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер

белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды: Жаңартылған мазмұнды жүзеге асыру үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) [5] әзірленді. Нұсқаулықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда педагогтің атқаратын міндеттері, заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу, тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар мен педагогке қажетті материалдар (ұлттық, қимылды ойындар, ертегілер, мобильді кітапхананы құруға қажетті материалдар, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері, бейнероликтер және аудиоматериалдар сілтемелері және басқалар) берілген.

тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс - тәсілдерді енгізу балалардың білуге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салады. Сол себепті кез-келген педагог өз іс-тәжірибесінде түрлі педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолданады. Осы мәселе бойынша өз пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар дер сөз кезегін тәрбиешілерге берді.

Барлық тәрбиеші әдіскер ұсынысын қабылдады.
ШЕШІМ:
3.Оқыту-тәрбиелеу прпоцесінде тәрбиешілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, ақпараттық-коммуникативтік технологияларын қолдансын. Жауапты топ тәрбиешілері.
Орындалу мерзімі оқу жылы барысында
Педагогикалық кеңестің төрайымы :

ЖШС«Радость-2020» БАЛАБАҚШАСЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

ДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: 26.11.2023ж
Түрі: дәстүрлі
Тақырыбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы.
Мақсаты: Балабақшада оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру.
Қатысқандар саны– 5
Күн тәртібі

1. Балаларға білім беру бағдарламасын бейімдеудің тиімділігіне талдау.
2. Денсаулық сақтау технологияларын іске асыру бойынша атқарылған жұмыстарға талдау.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер У.МасимоваҚазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру бағдарламасын бейімдеу бойынша жүргізілген жұмыстар туралы баяндама жасады.

Өз сөзінде оқу жылының басында тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктері зерделеніп, бақылау нәтижелері негізінде оқу-тәрбие жұмысы жоспарланғанын атап өтті. Педагогтер оқу қызметінде ойын технологияларын, зерттеу, коммуникативтік және шығармашылық әдістерді тиімді пайдаланып, балалардың танымдық белсенділігін арттыруға жұмыс жүргізгені айтылды.

Талдау нәтижесінде балалардың оқу материалын меңгеру деңгейі жас ерекшеліктеріне сәйкес екені, бейімдеу жұмыстарының оң нәтиже бергені анықталды. Сонымен қатар, сөйлеу тілін дамыту, ұсақ моториканы жетілдіру және жеке қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілермен жұмысты жалғастыру қажеттігі атап өтілді.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші Г.Шарипова оқу қызметінде қолданылған әдіс-тәсілдер балалардың қызығушылығын арттырғанын айтты. Педагог-психолог _____ бейімделу кезеңінің нәтижелерімен таныстырып, балалардың эмоционалдық жағдайының тұрақтанғанын жеткізді.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Медбике А.Мансурова балабақшада денсаулық сақтау технологияларын енгізу және қолдану бойынша жүргізілгн жұмыстарға талдау жасады.

Баяндамада таңертеңгілік жаттығулар, сергіту сәттері, тыныс алу жаттығулары, саусақ гимнастикасы, қимылды ойындар, таза ауадағы серуендер және шынықтыру шараларының жүйелі ұйымдастырылғаны айтылды. Санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы,

дұрыс тамақтануды ұйымдастыру және балалардың денсаулығын бақылау жұмыстары тұрақты жүргізілгені баяндалды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде балалардың дене белсенділігі артып, оқу қызметіне қызығушылығы мен жұмысқа қабілеттілігі жақсарғаны атап өтілді. Алдағы уақытта денсаулық сақтау технологияларын оқу-тәрбие үдерісіне одан әрі жетілдіре енгізу ұсынылды.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші Д.Джаппарова денсаулық сақтау технологияларын күнделікті оқу қызметінде қолданудың тиімділігі туралы тәжірибесімен бөлісті. Әдіскер У.Масимова педагогтердің осы бағыттағы жұмысын жалғастыру қажеттігін атап өтті.

ҚАУЛЫ

1. Балаларға білім беру бағдарламасын бейімдеу жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Білім беру бағдарламасын іске асыру барысында тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмысты жалғастыру тапсырылсын.
3. Денсаулық сақтау технологияларын оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану жалғастырылсын.
4. Педагогтерге заманауи денсаулық сақтау технологияларын қолдану тәжірибесін жетілдіру ұсынылсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау балабақша әдіскеріне жүктелсін.

Педагогикалық кеңестің төрағасы: _____

Хатшы: _____

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.
№ 3 хаттамасы

Өткізілгін уақыты: 14.01.2024ж
Түрі: дәстүрлі
Тақырыбы: оқу жылының жарты жылдық есебі
Мақсаты: Баланың денсаулығын нығайту, ағзаны шынықтыру, ерік-жігерінің белсенділігін, дербестігін қалыптастыру. гигиеналық тазалық шараларын, күн тәртібін орындап, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру.
Қатысқандар саны: 6

Күн тәртібінде:

1.№2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы. Меңгеруші

2.Педагогтардың жарты жылдық есебі

3.«Денсаулық – табиғат берген сый» медбике

4.Аралық мониторинг қорытындысы бойынша

5.Әр түрлі мәселелер:

-8,22 наурыз мереке қарсаңында тәрбиешілер топтық ата –аналар жиналысы өткізу;
-8,22 наурыз мерекесінің кестесін бекіту;

Қаралды

1. **1.ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №2 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы айтты. №2 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде « Денсаулық сақтау технологияларының» тағы да жаңа түрлері қарастырылып, қолданысқа енгізілді.

.

2. ТЫҢДАЛДЫ

Екінші мәселе бойынша, педагогтардың 2023-2024оқу жылындағы жарты жылдық

есебі тыңдалды. Онда педагогтар 2023жылдың қыркүйек айынан бастап 2024жылдың ақпан айына дейінгі аралықта өткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметі мен ертеңгіліктеріне, ата-аналар жиналысы мен топтағы бала санының мәліметтеріне тоқталды.

ШЕШІМІ: .2023-2024 оқу жылындағы педагогтардың жарты жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

3. ТЫҢДАЛДЫ Үшінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі «Денсаулық – табиғат берген сый» тақырыбында баяндама оқыды. Онда қазіргі таңда өршіп тұрған «Қызылша» жұқпасы туралы төмендегідей мағлұмат берді:

Қызылша мен қызамық– біріне бірі өте ұқсас жұқпалар. Екеуінің де қоздырғышы вирус. Ауру ауа арқылы жұғады. Екеуіне тән негізгі белгі – денеде бөртпелердің пайда болуы.

Қызылша. Вирус адам ағзасына тыныс алу жолдары арқылы енеді, онда көбейіп, қанға енеді. Қан арқылы әртүрлі ағза мүшелеріне тарап, тамақ безін, бауырды, өкпені, жілік маыйн зақымдайды.

Қызылша қалай өтеді?Тұмау ауруларына ұқсайтын белгілерден басталады (дене қызуының көтерілуі. Жөтел, көздің жасаурауы, мұрынның ылғалдануы). Бұл жағдай 2-3 күнге созылады, содан соң денеде анық қызық бірігетін бөртпелер пайда болады, бастапқыда бетте, құлақтың артында, сонан соң барлық денеге тарайды. Ауру айналасындағылар үшін денесіне бөртпелер пайда болғанда дейін 4 күн, пайда болғаннаң кейін 4 күн ішінде залалды болып саналады.

Қызылшаның қауіпті неде?Қызылша асқынуларымен қауіпті, олар - ортаңғы құлақтың, өкпенің, кеңірдектің, бронхоның, ми қабықтарының қабынуы. Кез келген асқанудан ауру өліп кетуі мүмкін.

Қызылшаны қалай емдейді? Қызылшаны да кез келген вирусты жұқпа секілді емдеу қиынға соғады. Қызылшаның арнайы емдеу препараты жоқ. Антибиотиктерді тек оның асқаруларын емдеуге пайдаланады. Науқасқа витаминдерге бай тағамдар (көкөністер, жемістер, шырындар), көп мөлшерде сұйықтық ішу қажет.

ШЕШІМІ:

1.Балалардан қызылшаға қарсы вакцинаны алуды қадағалау медбикеге жүктелсін.

4. ТЫҢДАЛДЫ

Төртінші мәселе бойынша, аға тәрбиеші 2023-2024 оқу жылындағы аралық мониторинг қорытындысын айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер

Әдіскер У. Масимова ортаңғы және мектепалды топтарында балалардың жеке даму картасын толтыруды тапсырды.

ШЕШІМІ:

1. «Қуяш» «Нұр» тобының топтарында балалардың жеке даму картасын толтырылсын
.

2. Қыркүйек, қаңтар айындағы салыстырмалы көрсеткішті ескере отырып, тәрбиешілер мамыр айында балалар өз кезеңіндегі құзыреттілікті меңгеру деңгейін көрсетуге жұмыс жасауын қадағалау аға тәрбиешіге жүктелсін.

5. ТЫҢДАЛДЫ

- Балабақша әдіскері топтардың жылдық жоспары бойынша көрнекілік жасау ұсынысын білдірді. Ол бойынша әрбір топқа тақырып бөлініп, сол бойынша көрнекіліктер жинақталып, түптелсе кезектесе қолдануға қолайлы болатынын айтты. Тәрбиешілер бір ауыздан қолдады.
- - 8 наурыз және 22 наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылатын ертеңгіліктер мәселесі талқыланды. Мерекеде топтарды талапқа сай безендіру тапсырмасы берілді. Топтарды безендіруге жауаптылар тағайындалып, ертеңгілік кестесі бекітілді

1.СӨЗ СӨЙЛЕДІ: «Қуяш» тобының тәрбиешісі 22 наурыз мерекесін жылдағы топта атап өтетін дәстүрден бөлек, барлық топтар өнер нөмірлерін іріктеп өту ұсынысын айтты.

ШЕШІМІ:

1. Жас ерекшелегі бойынша көрнекіліктерді жасауды топтарға бөліп беру әдіскерге жүктелсін.
2. 8 наурыз мерекесінің ертеңгілігіне жауапты деп «Қуяш », «Нұр» топтары тағайындалып, кестесі бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы :

Хатшы :

ЖШС «Радость-2020» БАЛАБАҚШАСЫ

№4 Педагогикалық кеңес

Өткізілгін уақыты: 29.03.2024ж

Түрі: дәстүрлі
Тақырыбы: Балабақшадағы дене шынықтыру және сауықтыру шаралары жоспарлы түрде ұйымдастыру жасау.
Қатысқандар саны: 6

Күн тәртібі:

1.№3-пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Педагогикалық кеңестің тапсырмасын орындау
3.№5 пед кеңеске тапсырма: оқу жылы бойынша балалардың білім деңгейінің қорытынды есебі.

Қаралды

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №3 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы айтты. Ол бойынша, балабақша педагогтардың мінез құлқын анықтау мақсатында жүргізген тренингінің қорытындысы бойынша жұмыс жүргізіпжатқанынайтты.

Балабақша медбикесі өз уақытында балалардың қызылшаға қарсы вакцинаны алғаны жөнінде ақпарат берді.

Әдіскер У Масимова осы уақыт ішенде атқарылған іс-есебін айтты. Барлық топтар өздеріне тиесілі іс-шараларп өткізді және инстагрмм паркшасында жариялады. Сәуір айында ашық сабақтар болатынын және бірінші сынып алатын мұғалімдермен бірлікте жұмыс жүргізілетінін айтып өтті.

ШЕШІМІ:

1. ашық сабақтар сәуір айының соңына дейін өткізілсін, бірінші сынып алатын мұғалімдермен бірлікте жұмыстар жүргізілсін.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

екінші мәселе бойынша, «Балабақшадағы дене шынықтыру және сауықтыру шаралары жоспарлы түрде ұйымдастыру бойынша тәрбиеші Г. Шарипова тоқталып өтті. «Денсаулық» білім беру саласы : дене шынықтыру , қауіпсіз мінез –құлық негізлері, валеология бөлімдерден тұрады .Осыған орай жылдық жоспарға балалардың салуатты өмір салтын сақтау және әр баланың ерекшелігіне қарай дене дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған , олар : таза ауада дене шынықтыру , ертеңгілік жаттығулар , спорттық ойын-сауықтар , серуен, серуендегі қимылды ойындар , сергіту сәттері , жалаң аяқ жүру, массаж, ұйқыдан кейінгі гимнастика , су процедуралары. Топта аяққа массажорлар қолдан жасалды.таңертеңгі , ұйқыдан кейінгі жаттығу және сергіту сәті картотекалары жинақталған.

ШЕШІМІ:

Балабақшадағы дене шынықтыру және сауықтыру шаралары жоспарлы түрде ұйымдастыру тәрбиешілерге жүктелсін.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, №5 педагогикалық кеңеске тапсырма берілді. Онда 2023-2024 оқу жылының қорытынды есебі бойынша төмендегі тапсырмалар берілді:

- тәрбиешілердің, медбикенің 2023-20234оқу жылының қорытынды есебін жасау;

- аға тәрбиешілер Д.Джаппарова мен З. Махпироваларға 2023-2024 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін жасау тапсырмасы берілді.

ШЕШІМІ:

1. №5 педагогикалық кеңеске берілген тапсырмаларға жауапты адамдар жүйелі түрде орындасын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Хатшы:

№5 Педагогикалық кеңес

Өткізілгін уақыты: 27.05.2024ж
Түрі: дәстүрлі
Тақырыбы: Біржылдық жұмыстың қорытындысы.
Мақсаты: балабақша бойынша атқарылған жұмыстардың қорытынды есебін тыңдау

Қатысқандар саны: 6

Күн тәртібінде:

1.№4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.

2. Қ.Р. Мемлекеттік жалпыға білім беру стандартының орындалуы бойынша тәрбиешілердің есебі.

3. Білім беру салалары бойынша барлық топта қорытынды индикаторларын жүргізу

4.Әр түрлі мәселелер:
-Ағымдағы жөндеу жұмыстары
- Жазғы сауықтыру іс-шаралары

Қаралды

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі педагогтардың педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтарды қадағалап, күн тәртібімен таныстырды.

1.СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Балабақша әдіскері №4 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы бойынша есеп берді. Онда топ тәрбиешілеріне жүктелген көрнекіліктерді жасау бойынша тапсырманың орындалғанын, айтылған топтардың түзету жұмыстарын жүргізгенін

айтты.

1. ШЕШІМІ:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша барлық топтың тәрбиешілері, медбике оқу жылында жүргізген жұмыстары бойынша қорытынды есеп берді. Тәрбиешілері топтатағы бала саны туралы ақпарат берді. Тәрбиешінің өздерінің жұмыс жасаған бағдарламасын айта келе, ай сайынғы мерекелік іс-шараларға тоқталды. Қыркүйек айында білім күніне орай тәрбие сағатын, ата-аналар жиналысын өткен. Қазан айында тіл мерекесіне, ұстаздар күніне орай тәрбие сағатын, алтын күз мерекелік ертеңгілік өткен. Қараша айында балабақшаның жылдық жоспары бойынша, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткен. Желтоқсан айында тәуелсіздік мерекесіне орай ашық тәрбие сағатын, жаңа жыл мерекесінің ертеңгілігін өткізген. Наурыз айында аналар мерекесіне орай ертеңгілік барлық топ атап өткенін айтты. Сәуір айында ғарышкерлер мерекесін, мамыр айында достық мерекесін, Отан қорғаушылар күні мен жеңіс күнін атап өткенін айтты. Әрбір топтың жоспарларына сәйкес ата-аналар жиналысы өтіп, онда қаралған және шешімін тапқан мәселелерді атап өтті..

Шешімі: Балабақша педагогтарының оқу жылындағы қорытынды есебі тыңдалсын..

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері оқу жылының мониторинг қорытынды есебін айтты.

Шешімі: Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес алынған мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

4.**ТЫҢДАЛДЫ:**

Топ құжаттарының орындалу жүйесі бойынша балалақша әдіскері сөйледі. Онда барлық топтардың құжаттары тексеріліп өткізілгені туралы және ол құжаттар арнайы құрылған комиссиямен сарапталып құжатжайға тапсырылатынын айтты.

Шешімі: Арнайы құрылған комиссиясының тексеруімен құжаттар құжатжайға өткізілсін.

5.ТЫҢДАЛДЫ:

Әр түрлі мәселелер бойынша, балабақшаның жаз маусымында жасалатын іс-шаралар жоспары анықталып, жаз мезгіліндегі ағымдық жөндеу жұмыстары жайында айтылды.

Балабақша әдіскері жаз мезгіліне әдіскер тарапынан жасалатын жоспарда қарастырылған мәселелермен таныстырды. Ол жоспар маусым, шілде, тамыз айларына жасалып, меңгерушімен бекітілгенін айтты. Ал, тәрбиешілерге арналған жаздық

циклограмма журналына тапсырыс берілгенін айтты.

Ағымдық жөндеу жұмыстары бойынша балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Онда биылғы жылғы жөндеу жұмыстары шілденің алғашқы 1-2 аптасы аралығында жүргізілетінін айтты. Сондай-ақ, тәрбиешілерге алдағы оқу жылында ауысатын топтарына жөндеу жұмысын жасау ұсынысын тастады. Тәрбиешілер бір ауыздан келісті.

Шешімі:

1. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітіліп, педагогтармен таныстырылсын.
2. Балабақша ғимаратындағы ағымдық жөндеу жұмыстарының жүруін шаруашылық меңгерушісі қадағаласын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы

Хатшы